# ЖАСТАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ЖОЛ АШЫЛДЫ

Бүгінде мемлекеттік қызмет жүйесінде әділ әрі ашық кадрлық саясатты қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Соның ішінде жастарды мемлекеттік қызметке тарту, олардың кәсіби әлеуетін дамыту және мансаптық өсуіне мүмкіндік беру – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі.

Мақсат – білімді, бастамашыл және жауапкершілігі жоғары жастардың мемлекеттік басқару жүйесіне келуіне жағдай жасау. Осыған байланысты болашақ мемлекеттік қызметшілерді даярлау мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарына дейін жалғасады. Бұл кезеңде жастар мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері, басқару мәдениеті, кәсіби әдебі және жауапкершілік қағидаттарымен танысады.

2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңында мемлекеттік қызметке кадр даярлаудың жаңа тетіктері қарастырылған. Заң азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруіне қажетті кәсіби және жеке құзыреттерін дамытуға бағытталған білім беру және тәрбие жұмыстарының кешенін қамтиды.

Жаңа заңның басты жаңалықтарының бірі – ерте кәсіптік бағдарлау жүйесінің енгізілуі. Оның аясында жастар төменгі және басшылық лауазымдарға алдын ала даярланады.

Төменгі лауазымдарға арналған жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының даярлық бағдарламасына бакалавриатқа қабылданған азаматтар қатыса алады. Бағдарламаны сәтті аяқтаған түлектер оқуын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің келісімімен жергілікті атқарушы органдардағы төменгі мемлекеттік лауазымдарға конкурссыз орналаса алады.

Мемлекеттік қызметке даярлау тек бастапқы деңгейдегі лауазымдармен шектелмей, басқарушылық буын үшін де арнайы білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Басшылық лауазымдарға даярлау Президент жанындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарында магистратура бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаны аяқтаған азаматтар уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардағы басшылық лауазымдарға конкурссыз тағайындала алады.

Конкурссыз жұмысқа қабылданған жас мамандар алған білімін тәжірибеде қолдану үшін мемлекеттік қызметте кемінде үш жыл еңбек етуі тиіс.

Сонымен қатар, жоғары оқу орнын аяқтаған түлектерге де тағы да қосымша мүмкіндік берілді. Енді олар диплом алған күннен бастап бір жыл ішінде мемлекеттік қызметтің төменгі лауазымдарына конкурссыз орналасуға құқылы. Бұрын мұндай мүмкіндік тек мемлекеттік білім гранты иегерлеріне ғана берілсе, енді ол барлық түлектерге, оның ішінде ақылы бөлімде білім алған жастарға да қолжетімді. Бұл үшін түлектің орташа үлгерім көрсеткіші (GPA) 3,33-тен төмен болмауы тиіс.

Жаңашылдықтар Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектеріне де қатысты. Академияда өз қаражаты есебінен білім алған түлектер де конкурссыз тағайындалу мүмкіндігіне ие болды. Олар бұл құқықты диплом алғаннан кейін екі жыл ішінде пайдалана алады.

Сонымен қатар, Президенттік жастар кадр резерві мен Өңірлік кадр резервіне іріктеуден өткен азаматтар да уәкілетті органның келісімімен «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурссыз орналаса алады.

Жастарға мұндай мүмкіндіктер беру – мемлекеттік қызметке қабілетті әрі білікті мамандарды тартуға бағытталған маңызды қадам. Кәсіби, білімді және белсенді жастарды қолдау мемлекеттік басқару сапасын арттырып қана қоймай, елдің тұрақты дамуына да оң ықпал етеді.

**Б. Макеев,**
**МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп кеңесі хатшылығының меңгерушісі**

### Хабарландыру

ТОО «Metalleks.kz» «Metalleks.kz» ЖШС-нің қайталама шикізатты қабылдау пункті бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Географиялық координаттары: 1. 49°47'09.64" с.е., 73°05'16.72" ш.б.; 2. 49°47'08.98" с.е., 73°05'17.69" ш.б.; 3. 49°47'08.14" с.е., 73°05'16.41" ш.б.; 4. 49°47'08.89" с.е., 73°05'15.5" ш.б.

Әсер ету аумағы: Қарағанды қаласы.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 25 қыркүйекте сағат 11:00-де мына мекенжайда өтеді: Қарағанды облысы, Қарағанды Қ.Ә., Ермеков көшесі, 104/1 ғимарат, 11-кабинет.

Онлайн трансляцияға қосылу үшін: https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswalRpZjdITEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708 Конференция идентификаторы: 455 763 6415 Қолжетімділік коды: a8Ub79

Қатысушыларды тіркеу жеке куәлігін ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Тапсырыс беруші – «Metalleks.kz» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 104/1 ғимарат, 13-кабинет, БСН 180940012010, директоры – Чернышов А. В., тел.: 87028966165.

Жобалық материалдарды әзірлеуші – «GREEN ecology» ЖК, тел.: +7-701-603-80-56.

Жоба бойынша құжаттама https://ndbecology.gov.kz/ порталында және МИО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжайдан және телефон арқылы алуға болады: Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 104/1 ғимарат, 13-кабинет, тел.: 87028966165.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күнінен кешіктірмей https://ndbecology.gov.kz/ сілтемесі арқылы және мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қаласы, Лободы көшесі, 20, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ тел.: 8 (7212) 56-81-66 E-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

### Объявление

ТОО «Metalleks.kz» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях для пункта приема вторичного сырья ТОО "Metalleks.kz".

Географические координаты: 1. 49°47'09.64"С, 73°05'16.72"В, 2. 49°47'08.98"С, 73°05'17.69"В, 3. 49°47'08.14"С, 73°05'16.41"В, 4. 49°47'08.89"С, 73°05'15,5"В

Территория воздействия: город Караганда.

Общественные слушания состоятся 25 сентября 2026 г. в 11.00 часов по адресу: Карагандинская область, Караганда Г. А., ул. Ермекова, 104/1, кабинет 11.

Описание для подключения к онлайн-трансляции https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswalRpZjdITEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708 Идентификатор конференции: 455 763 6415. Код доступа: a8Ub79.

Регистрация участников производится при предъявлении удостоверения личности.

Заказчик – ТОО «Metalleks.kz», Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Караганда, ул. Ермекова, строение 104/1, кабинет 13. БИН 180940012010, директор Чернышов А. В., тел. 87028966165.

Разработчик проектных материалов ИП «GREEN ecology», тел.: +7-701-603-80-56.

Документация по проекту размещена на https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: г. Караганда, ул. Ермекова, строение 104/1, кабинет 13, тел. 87028966165

Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний: по ссылке https://ndbecology.gov.kz/ и по адресу: Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул. Лободы, 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области». Тел. 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Лад-Комир» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 28 қыркүйекте сағат 10:00-де Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Восток-5 шағынауданы, 28/1 үй, банкет залында «Лад-Комир» ЖШС «Қарағанды» көмір байыту фабрикасының шлам тұндырғыштарын реконструкциялау және пайдалану жобасына «Түзету» мүмкін болатын әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама топтамасымен ҚОЖТР ҰДБ ақпараттық жүйесінде (Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар жөніндегі ұлттық деректер банкі), сондай-ақ жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында танысуға болады..

https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесі арқылы, сондай-ақ expertiza.upr_krg@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Төтенше жағдай енгізілген және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Қоғамдық тыңдауларға қосылу сілтемесі:

ZOOM конференциясына онлайн қосылу сілтемесі:

https://us05web.zoom.us/j/88266562156?pwd=iJsRT9aADAyWizBm0IbbHgWq5Y68ba.1

Жиналыс идентификаторы: 88266562156

Құпия код: 0BJ6vR

Қосымша ақпаратты info@ecoprofkz.kz электрондық поштасы немесе +7 (7212) 41-61-91 телефоны арқылы алуға болады.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Лад-Комир» ЖШС, БСН: 020240001434, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Октябрь ауданы, Қарасин көшесі, 7-үй. Тел.: +7 708 150 5565.

Жобаны әзірлеуші: «EcoProf KZ» ЖШС, БСН: 131240019006. Заңды мекенжайы: M01F2B4, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Аманжолов көшесі, 17/3-үй, н.п.1. тел.: +7 (7212) 41-61-91, e-mail: info@ecoprofkz.kz.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы:

1) 49°53'1.97"СШ, 73° 7'8.40"ВД, 2) 49°53'32.70"СШ, 73° 7'4.57"ВД,

3) 49°53'52.86"СШ, 73° 7'3.72"ВД, 4) 49°53'55.48"СШ, 73° 7'27.62"ВД, 5) 49°53'51.97"СШ, 73° 7'55.81"ВД, 6) 49°53'39.70"СШ, 73° 7'46.10"ВД, 7) 49°53'29.52"СШ, 73° 7'58.21"ВД, 8) 49°53'25.60"СШ, 73° 7'37.02"ВД, 9) 49°53'12.04"СШ, 73° 7'30.30"ВД

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Лад-Комир», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает о проведении общественных слушаний в 10 час. 00 мин. 28 сентября 2026 года по адресу: Карагандинская область, город Караганда, Восток 5 , дом 28/1, банкетный зал, по Отчету о возможных воздействиях к проекту «Проект реконструкции и эксплуатации шламоотстойников ТОО «Лад-Комир» ЦОФ «Карагандинская». Корректировка».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационной системе НБД СОС и ПР (Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов), а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте информационной системы ndbecology.gov.kz, а также expertiza.upr_krg@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний:

Ссылка на онлайн подключение к конференции ZOOM:

https://us05web.zoom.us/j/88266562156?pwd=iJsRT9aADAyWizBm0IbbHgWq5Y68ba.1

Идентификатор собрания: 88266562156

Секретный код: 0BJ6vR

Дополнительную информацию можно получить по адресу info@ecoprofkz.kz и по телефону + 7 (7212) 41-61-91.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Лад-Комир», БИН: 020240001434, Карагандинская область, город Караганда, Октябрьский район, улица Карасина д, 7.тел: +7 708 150 5565.

Разработчик проекта: ТОО «EcoProf KZ», БИН: 131240019006. Юридический адрес: M01F2B4, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Аманжолова, д. 17/3, н.п. 1. тел.: +7 (7212) 41-61-91, e-mail: info@ecoprofkz.kz.

Территория воздействия: Карагандинская область, город Караганда, район Алихана Бокейхана.

Географические координаты территории воздействия: Карагандинская область, город Караганда, район Алихана Бокейхана:

1) 49°53'1.97"СШ, 73° 7'8.40"ВД, 2) 49°53'32.70"СШ, 73° 7'4.57"ВД, 3)49°53'52.86"СШ, 73° 7'3.72"ВД, 4) 49°53'55.48"СШ, 73° 7'27.62"ВД, 5) 49°53'51.97"СШ, 73° 7'55.81"ВД, 6) 49°53'39.70"СШ, 73° 7'46.10"ВД, 7) 49°53'29.52"СШ, 73° 7'58.21"ВД, 8) 49°53'25.60"СШ, 73° 7'37.02"ВД, 9) 49°53'12.04"СШ, 73° 7'30.30"ВД




NV.KZ
НОВОСТИ КАРАГАНДЫ